# Өзендер





**«2030 жылы Қазақстан суы мөлдір, ауасы таза, жасыл желекті гүлденген ел болады»**

**Н.Ә. Назарбаев**


Су деген тіршіліктің наны емес пе?
Су деген табиғаттың жаны емес пе?
Су жоқ жерде өмір жоқ, ол ақиқат
Күміс су қара жердің сәні емес пе?

# Жұмба
# қ

Жылт – жылт еткен
Жылғадан өткен.

Су немесе
өзен

Ирелеңдеген арқан
Қуып жете алман.

Өзе
н

# Сабақтың тақырыбы:
# «Өзендер»

**Сабақтың мақсаты:**

***Білімділік*** - оқушылардың өзен туралы тірек білімдерін еске түсіре отырып, өзен тақырыбын оқып үйрету.

***Тәрбиелік*** – ізденімпаздыққа баулу, өзендерді қорғауға, оның қажеттілігін түсіне білуге үйрету.

***Дамытушылық*** – сөйлеу қабілетін дамыту, жаңа мағлұматтар беру арқылы ой-өрісін кеңейту, шығармашылыққа баулу.

# Кіріспе сұрақтар

1. Өзен дегеніміз не?
2. Қандай өзендерді білеміз?
3. Мақал-мәтел, жұмбақ, тыйым сөздер айтып, жарысайық.

# Тірек -сызба

Жазықтық өзен

Тау өзені

Өзен

Бастауы

Сағасы

Саласы

# Жазықтық өзені



# Тау өзені



***Өзен дегеніміз -****арна деп аталатын ойпаңмен ағатын су.*

***Бастау -*** *өзен ағып шығатын жер.*

***Сағасы -*** *өзеннің барып құяр жері.*

***Саласы –*** *оң және сол. Есіл – Ертістің сол жақ саласы, Арыс - Сырдарияның оң жақ саласы.*

# Ертіс Өзені



# Сырдария өзені



# Есіл өзені



# Іле өзені



# Өзендегі шоңғалдар



# Торғай өзені



# Жайық өзені



Атырау

Аңғар

**Өзен**

Арна

Жайылма

***Атырау -*** *өзен сағасына жинақталып, тармаққа бөліну.*

***Аңғар-*** *өзен бастауынан сағасына дейінгі  әрі кең, әрі ұзынша ойыс алқап.*

***Арна –*** *аңғардың табанындағы ойыс.*

***Жайылма –*** *аңғардың  өзен тасығанда су басатын бөлігі.*

# Өзен суларының негізгі бөлігі




Өзен суларының негізгі бөлігі.

Өзен

Жоғарғы ағыс

Орта ағыс

Төменгі ағыс


Өзен
Өзен жүйес і
Шоңғ алдар
Өзен алабы
Өзен режи мі
Сарқыр амалар
Суайр ықтар

***Өзен жүйесі*** - *өзеннің барлық салаларымен бірігіп қосылуы.*

***Шоңғалдар*** - *өзен арнасындағы қатты жыныстар.*

***Өзен алабы*** – ***өзен және оның салаларымен су жинайтын жері.***

***Өзен режимі*** – ***өзен суы мөлшерінің жыл ішінде өзгеру ерекшелігі.***

***Саркырама –*** *өзеннің биік кемерден құлап ағатын бөлігі.*

***Суайрықтар -*** *өзен алқаптарын бір-бірінен бөліп жататын қыраттарды атайды.*


Өзен
Су тасуы
Тасқын
Сабасына түсуі

***Су тасуы деп*** – *жыл сайын белгілі бір маусымда қайталанып отыратын өзендегі су мөлшерінің көбеюі.*

***Таскын*** - *өзендегі су деңгейінің кенет көтерілуі.*

***Сабасына түсуі*** – ***өзендегі судың ең төменгі күйі.***


АСТАНА
АЛМАТЫ

# *Өзендердің шаруашылық маңызы:*

1. Тіршілікке қолайлы жерлер.
2. Электр қуатын өндіреді.
3. Өзен кемелері жолаушы, жүк тасымалдайды.
4. Өзен  суын зауыт, фабрикалар пайдаланады.
5. Ауылшаруашылығында жер суаруға пайдаланады.


Рольдік ойын:
ӨЗЕН

# *Сарамандық жұмыс №9*

# Тапсырма: Картадан кез-келген өзенді тауып, сипаттама бер

| *Өзен аты* | *Қай алапқа кіреді?* | *Салалары* |
|---|---|---|
| 1. Ертіс | Солтүстік Мұзды мұхиты алабы | Тобыл, Есіл (Сол жақ)<br>Үлбі, Бұқтырма (Оң жақ) |
| | | |

## Жұмбақтар

Кәне бәрің ойлаңдар,
Бізде қандай өзен бар?
Он өзеннің ішінен,
Бес өзенді таңдаңдар.

(Волга,Басқан,Жайық,Днепр,Сарқан,Лена,Дон,Сарысу,Конго,Ертіс)

Басталар жерін не дейді?
Құяр жерін не дейді?
Оң және сол жағаны
Қалай қарап біл дейді?

(Өзеннің бастауы, сағасы, оң және сол салалары).

Су бармайтын жөнді
Көлге қауіп төнді.
Ластанудан тағы
Қорғау керек көлді.

(Арал теңізі мен Балқаш көлі

# Бекіту.

## Сәйкестендіру тесті:



| | |
|---|---|
| А) Ластанған суды | 1) Өзеннің биік кемерден құлап ағатын бөлігі |
| Ә) Саға | 2) Жыл сайын белгілі бір маусымда қайталанып отыратын өзендегі су мөлшерінің көбеюі. |
| Б) Сала | 3) Өзеннің барлық салаларымен бірігіп қосылуы. |
| В) Сарқырама | 4) Жоғары,ортаңғы, төменгі |
| Г) Өзен жүйесі | 5) Өзеннің барып құяр жері. |
| Д)Өзен ағысы | 6) Сүзгіден өткізу |
| Е) Су тасуы | 7) Оң және сол. |



# Ойланайық.....

## Өзендер неге ластануда?

## Өзендерді ластанудан қалай сақтауға, қорғауға болады?



## 1.БББ-кестесін толтыру әдісі пайдаланылады

| Білемін | Білдім | Мен үшін жаңалық | Білгім келеді |
|---|---|---|---|
| | | | |




Өзеннің сызбанұсқасы.



# *Үйге тапсырма:*

**§44. Өзендер**

***- “Өзен, суларды қорғау туралы менің жобам” (әңгіме жазу).***

# Сау болыңыздар!